

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ №1

Күні: 2024 жыл, 29 тамыз
Қатысқандар: 8 мұғалім
Кенес төрайымы: Бекебаева К.С.
Хатшы: Ергалиева Р.К.

КҮН ТӘРТІБІ:

2024–2025 оқу жылына арналған әдістемелік жұмысты жоспарлау және ұйымдастыру;

1. 2024–2025 оқу жылына арналған мектепке дейінгі ұйымның әдістемелік жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру;
2. Өткен оқу жылының әдістемелік жұмысына SWOT талдау жүргізу және жаңа оқу жылының әдістемелік жұмысын жоспарлау;
3. Әдістеме бірлестіктерінің жұмыс жоспарларын бекіту;
4. Аттестациялық комиссия құрамын бекіту;
5. 2024–2025 оқу жылына арналған нормативтік құжаттармен және әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру;
6. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды бекіту; БЖБ және ТЖБ кестесін бекіту;
7. Мектептің даму жоспарымен таныстыру;
8. Оқу олқылықтарын жою жоспарын бекіту;
9. Пән апталықтарының өткізілу кестесін бекіту.

1. 2024–2025 оқу жылына арналған әдістемелік жұмысты жоспарлау және ұйымдастыру

Тыңдалды: Оқу ісінің меңгерушісі Тулегенова Д.С.

Сөйледі: Баяндамашы жаңа оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың мақсаттары мен басым бағыттарына тоқталды. Жұмыстың негізгі міндеттері: білім сапасын арттыру, заманауи педагогикалық технологияларды енгізу, критериалды бағалауды жетілдіру, мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру.

2. Өткен оқу жылының әдістемелік жұмысына SWOT талдау және жаңа оқу жылының жұмысын жоспарлау

Сөйледі: 2023–2024 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың нәтижелері сараланды. Күшті жақтары: мұғалімдердің кәсіби өсуі, пәндік жетістіктердің артуы. Әлсіз жақтары: кейбір пәндер бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығы жеткіліксіз.

3. Әдістеме бірлестіктерінің жұмыс жоспарларын бекіту

Барлық әдістемелік бірлестіктер өз жоспарларын ұсынды.

4. Аттестациялық комиссия құрамын бекіту

Сөйледі: Аттестациялық комиссия мүшелерінің құрамы бекітілсін (тізімі бұйрықпен рәсімделеді).

5. 2024–2025 оқу жылына арналған мектепке дейінгі ұйымның әдістемелік жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру

Тыңдалды: Туймакова К.К., шағын орталық және мектепалды даярлық тәрбиешісі

Сөйледі: Өз сөзінде өткен оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың нәтижелеріне тоқталды. Ол тәрбиешілердің кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында түрлі семинарлар мен шеберлік сабақтарына қатысқанын, ашық сабақтар мен іс-тәжірибе алмасу жұмыстары жүргізілгенін айтты.

Баяндамашы жаңа оқу жылында әдістемелік жұмысты жоспарлау кезінде әр педагогтың жеке кәсіби дамуына көңіл бөлу керектігін атап өтті. Әсіресе балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, дамытушы ойындар мен жаңа әдіс-тәсілдерді қолданудың маңыздылығына тоқталды.

Сондай-ақ тәрбиеші ата-аналармен бірлесе жұмыс істеу, кеңестік пункттердің қызметін белсендіру, баланың дамуын үй жағдайында да қолдау сияқты бағыттарды жетілдіру қажеттігін айтты. Жаңа оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспары, күн тәртіб*, оқу-тәрбие іс-шараларының тақырыптық күнтізбесі дайындалды.

Тәрбиеші ұжым алдында әдістемелік жұмысты тиімді ұйымдастыру – оқу-тәрбие сапасын арттырудың басты кепілі екенін, сондықтан барлық педагогтердің ынтымақтастығы маңызды екенін атап өтті.

№ Мәселе	Шешім
7 Әдістемелік нұсқау хатпен және нормативтік құжаттармен таныстыру	Барлық педагогтар құжаттармен таныссын, талаптарға сәйкес жоспар құрсын.
8 Күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды бекіту	КТЖ бекітілсін, оқу ісі меңгерушісі тарапынан бақылау жүргізілсін.
БЖБ және ТЖБ кестесін бекіту	Кесте бекітілсін, барлық пән мұғалімдеріне жеткізілсін.
10 Мектептің даму жоспарымен таныстыру	Даму жоспары бекітілсін.
11 Оқу олқылықтарын жою жоспарын бекіту	Қосымша сабақтар мен түзету жұмыстары ұйымдастырылсын.
12 Пән апталықтарының өткізілу кестесін бекіту	Кесте бекітілсін, жауаптылар анықталсын.

Кенес төрайымы: Бекебаева К.С.

Хатшы: Ергалиева Р.К.